

Y00068 26.12.2020

Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы

КОЖАНБАЕВА БОТА АСКАРОВНА

**Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің ағылшын тілінің мұғалімі**

Тәрбие сағатының мақсаты:

Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: Сұрақ-жауап, мақал-мәтел, пікірталас.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, презентация, құқық бұзушылық жайында видеолар, суреттер, нақыл сөздер.

Барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі.

II Оқушы ережесі.

III «Тығырықтан шығар жол қайсы?»

IV. «Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, өнерімен қуантады түбінде» (сұрақ-жауап.)

V. Жалғасын тап... (мақалдардың жалғасын табу)

VI Қорытынды.

I Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім: Құрметті оқушылар «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы» атты пікірталас кешімізге қош келдіңіздер! Біз бүгін оқушы жасөспірімдердің мектептегі және мектептен тыс ережелері, құқық бұзушылықтары туралы айтамыз. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен тәртіпсіздіктер белең алып бара жатыр. Қателік кімнен кетуде? Ата — анадан ба, мектептен бе, әлде қоғамнан ба? Мүмкін осы үш тараптың жауапкершілікті тең арқалай алмауынан болар... Біз бүгін осы тақырыпқа тереңірек үңілмекпіз.

Пікірталастың тақырыбы: «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»

Пікірталастың негізгі мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық түрлерімен таныстыру, құқықтары мен міндеттерімен таныстыру.

Пікірталас кешіне «Жақсылық» және «Парасат» тобы қатынасуда.

Мұғалім: А. С. Макаренконың түсінігінде тәртіп – бұл тек қана тежелу тәртібі ғана емес, сонымен қатар ұмтылу белсенділік, жауапкершілік тәртібі. Тәртіп туралы мәселені ерік – қайратты, ерлікті, берік мінез – құлықты тәрбиелеумен тығыз байланыста қарастырады. Тәртіп ұйымшыл ұжымда дамиды және бекиді. «Тәртіп – бұл ұжымның бет — әлпеті, оның дауысы, оның әдемілігі, оның қозғалғыштығы, оның мимикасы, оның сенімділігі» — деген.

II «Оқушы ережесі»

Әр топ плакатқа оқушының мектептегі ережелерін жазып, жұмыстарын қорғайды.

III «Тығырықтан шығар жол қайсы?» 2 топтың пікірін тыңдау.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» романының желісі бойынша түсірілген фильмнен үзінді.

1 — видео. Қожаның әрекетін оқушылар жиналысында талқылау.

— Қожа қандай әрекеттері үшін жазаланып отыр?

— Қожаның тәртібі мектепте қандай болған?

— Ұстазы Қожаның тәртібі кімдерге де байланысты деп айтты?

— Сендер Қожаның жолдасы болсаңдар, қандай көмек берер едіңдер?

2 — видео. Қожаның өзіне — өзі есеп беруі.

— Бұл видеодан не түсіндіңдер?

— Күн сайын өзіне — өзі есеп беру баланың жақсы азамат болып қалыптасуына оң әсерін бере ме?

— Сендер өз — өздеріне есеп бересіңдер ме?

— Яғни тәртіпті бала қандай болу керек? Өздеріңді тәртіптімін деп санайсыңдар ма?

Мұғалім: Ұлт мұраттарының ұлы байлықтарының бірі – жас ұрпақ, келелі келешек десек, бұл тақырып кеше де, бүгін де күн тәртібінен түспейтін мәселе, ұлтымыздың мақтанышы батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» десе, ақын Олжас Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді» деп жазды. Бәрі де шындық. Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қалпына келмейтін нәзік те, кәделі де сауатты, игілікті де ізгілікті іс. Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел болса, мұның мөлдір бастауы, алтын тамыры – тәлім – тәрбие ісінде жатыр.

IV. «Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, өнерімен қуантады түбінде» (сұрақ-жауап.)

Мұғалім:

Тәртіпті бала сүйініш,

Төбең бір көкке жетеді.

Тәртіпсіз бала күйініш,

Төмендеп басың кетеді – дегендей, оқушыларға қойылатын алғашқы сұрағымыз

– «Тәртіпке бағын жасыңнан...» деген сөзді қалай түсінесіздер, тәртіп туралы ой – пікірлеріңізді айта отырсаңыздар. (Оқушылар пікірін тыңдау)

1)Қазіргі кезде адамның бойынан қандай қасиеттерді көп байқауға болады? (Қазіргі кезде адам бойынан көбінесе тәртіпсіздік,бірін-бірі сыйламау, адамдарға деген дөрекілік,өтірік айту, сабақтан қашу,ұстаздарды,ата-ананы сыйламау сияқты жаман қасиеттерді көп байқауға болады.)

2)Кей адамның жаман әдетке үйір болуының себебі не деп ойлайсың? (Кей адамдар өте жалқау болып келеді.Еңбек еткісі келмейді. Ата-анасының тапқанын шашса болды,бос уақыттарын тиімді пайдаланбайды.Сол себептен де жаман әдеттерге үйір болып келеді.)

3)Адам бойындағы ар, намыс, ұят дегенді қалай түсінесің? (Әр адамның бойында ары-таза,намысы-берік, ұяты-күшті болуы керек.Егер осы үшеуі де адам бойында қалыптасқан болса, онда нағыз тәрбиелі де тәртіпті адам.)

4)Әдептілік дегеніміз? (адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздерді білдіреді екен. Тағы да бір айтатын жағдай бір-бірімізге кешірімді болуымыз керек, ол да-әдептілік.)

5)Адам боламын деген бала не істеу керек? (барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысу керек.Иманды адам ұлтына, нәсіліне, жынысына, дініне қарамастан иманды болып туады. Иманды бала дөрекілікке бармайды.Имандылық бар жерде рухани тазалық бар, сенім бар

6) «Әдеп» пен «әдептілік» деп қандай мінез бен іс-әрекетті айтамыз?(Әдептілік-деп үлкенді сыйлауды,достарды,айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз. Әдепті адам басқадан сыйласым күтпей-ақ алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай біледі,көпшілікке өзінің әдептілігін көрсетеді.)

7)Ашу шақырғанда, ең алдымен, тоқтау салатын қандай қасиет ? (Сабырлылық. Сабырлылық- адам бойына екі жолмен дариды, бірі туа біткені де,екіншісі адам өзін-өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Сабырлылық адамның өз мінез -құлқына ие бола алатынын көрсетеді.

8) Қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер? (айналадағы адамдарға ізгілікті іс жасау. Қайырымдылық бар жерде қатыгездікке жол жоқ.Өзгелер үшін жасалған ізгілік адам жанын нұрландырады, адамдық мәртебесін көтереді. Қайырымды бала қашанда ата-анасының мақтанышы.)

9) Сен өзің жіберген қателіктеріңді мойындай аласың ба? (Өзіңнің жіберген қателігіңді мойындау – ол үлкен ерлікпен тең қасиет. Қателігіңді мойындау ешкімге зияныңды тигізбеу, ешкімнің обалына қалмау.)

10) Адам адамнан несімен ерекшеленеді? (Адам адамнан білімімен, тәрбиелілігімен, әдептілігімен, мәдениеттілігімен әдемі мінезімен озады.) 11)Ұл бала үшін қасиетті борыш деп нені айтар едің? (Ата-анасын сыйлау, өз елін қорғау)

12) Сыныпта кімді үлгі тұтасындар?

V. Жалғасын тап... (мақалдардың жалғасын табу)

Ата-ананың тілегі – адам болып өскенің, Адамдықтың тірегі- адал болып өскенің. Әдептілік дегенің- әрқашанда керегің, Әсемпаздық дегенің – әуре сарсаң әлегің. Ия, тәртіпті, тәрбиелі болу – бәрімізге ортақ қағида. Келесі кезекте, Мақал-мәтелдердің жалғасын табу. Бүгінгі тақырыпқа байланысты мен сіздерге мақал-мәтелдер айтамын, ал сіздер жалғасын тауып айтасыздар.

-Әдепті бала- (арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала.)

-Әдептілік белгісі- (иіліп сәлем бергені)

-Атаңа не қылсаң – (алдыңа сол келер

- Жақсы бала сүйік- (жаман бала күйік)

-Жеті атасын білмеген- (жетесіз)

-Ұяда не көрсең... (ұшқанда соны ілерсің)

-Ұлық болсаң – (кішік бол)

-Ашу – ... , ақыл – (дұшпан, дос, ақылыңа, ақыл қос.)

-Заңның құрығы..... (бәрінен ұзын)

-Өш алғаннан гөрі..... (кешірген жөн)

-Ақырын жүріп..... (анық бас)

-Асыл тастан..... (өнер жастан)

-Ұрлық түбі..... (қорлық)

-Әдепті бала.....(арлы бала)

-Тәрбие.....(отбасынан басталады)

-Әділ істің.....(арты игі)

Оқушы есебі .(стикерлерге жазып, тақтаға жазады.) (Өздеріңді алдағы уақытта қалай ұстар едіңдер? Өздеріңнің бойындағы кемшіліктерің туралы байқасаңдар стикерлерге түсіріп, алма ағашына іліп қойыңдар.)

Қорытынды: Ұлт мұраттарының ұлы байлықтарының бірі – жас ұрпақ, келелі келешек десек, ұлтымыздың мақтаншы батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» десе, ақын Олжас Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді» деп жазды. Бәрі де шындық. Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қалпына келмейтін нәзік те, кәделі де сауатты, игілікті де ізгілікті іс. Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел болса, мұның мөлдір бастауы, алтын тамыры – тәлім – тәрбие ісінде жатыр.

–Күншығыс халқының бір ойшылы былай деген екен: «Бір жылын ойлаған күріш егеді, он жылын ойлаған ағаш егеді, ал жүз жылын ойлаған бала тәрбиелейді» Балаға баланың көзімен қарап, өз заманына сай тәрбие беру – біздің басты мақсатымыз

Y00069 26.12.2020

Отбасы тәрбие басы, мектеп- тәрбие жаршысы

БАПИШЕВА ЕРСІНГҮЛІ ДАУЛЕТБАЕВНА

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сыныбының мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Отбасы деген түсінікті қалыптастыру. Отбасы мүшелері, отбасындағы өзінің орны туралы толық түсінік беру. Отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Туып-өскен үйде тату болуға үйрету.

Көрнекілігі: түрлі-түсті ленталар тағылған шеңбер, отбасы мүшелерінің суреттері, АКТ,

Сөздік жұмыс: ата, әже, әке, ана, аға, іні, әпке, сіңілі, қарындас.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын.

Сабақтың барысы: Балалар дөңгелене тұрады.

Шаттық шеңбері:

Сәлем деймін достарға

Сәлем деймін құстарға

Сәлем деймін аспанға

Сәлем болсын баршаға

Буги-буги билейміз

Айналамыз тағы біз

Алақанды соғамыз

1,2,3 буги-буги Ок

Ашық болсын айымыз

Биік болсын туымыз

Тату болып халықтар

Аман болсын балалар!

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күзде нелер піседі?

Қазір біз мынау тұрған себеттен алма немесе алмұртты таңдап алыңдар. **Екі топқа бөлу.**

Қане, балалар мына ленталарды бір-бірден ұстаңдар.

-Не пайда болды?

Шаңырақ, уықтар, кереге. Киіз үйге ұқсадық.

-Балалар біздің шеңберіміз киіз үйге ұқсайды екен. Жоғарғы шеңбер шаңырақ деп аталады.

-Шаңырақтың суреті қай рәмізде бейнеленген?

-Елтаңбада.

-Ал шаңырақ ненің белгісі?

-Шаңырақ отбасының белгісі

-Ендеше бүгінгі сабағымыз отбасы туралы болмақ.

Тақтаға ілу «Отбасы тәрбие басы, мектеп- тәрбие жаршысы»

Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді. Себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Отбасының болуы үлкен бақыт. «Адамға ең қымбат-отбасы» деген халық даналары. Отбасы-бұл сенің жақын адамдарың. Қане атаңдаршы, олар кімдер?

-Ата, әже, ана, аға, іні, әпке, сіңілі, қарындас.

Әңгімелесу: -Отбасы дегеніміз не?

-Отбасы деген бір үйде тұратын жақын адамдар.

-Сен отбасыңда кімсің?

Балалардың жауаптары:- Мен отбасының мүшесімін, әкем мен анамның баласымын.

-Отбасы мүшелері бір-бірімен қандай қарым-қатынас жасайды?

-Бірге отырып тамақ ішеді, әңгімелеседі, бір-бірін сыйлайды, қамқор болады.

Балалар үлкендерді тыңдайды, бірге демалады, қыдырады.

-Жанұя дегенді қалай түсінесіңдер?

-Естерінде ме біз жанұя туралы өлең жаттап едік қой.

Қане, есімізге түсірейікші. А.Асылбековтың «Жанұя» өлеңін айтқызу

Сенде де бар жанұя, Менде де бар жанұя.

Үлкенде де, кішіде, Жанұя бар әрбір кісінде.

Жанұя бары шуақ қой, Қуаныш пен қуат қой.

Сергіту сәті: (қимылмен көрсету)

Асқар таудай әкем,

Мен сені жақсы көремін.

Кең даладай анам,

Мен сені жақсы көремін.

Ойын: «Сиқырлы қалта » 6 сурет бар

Балалар сиқырлы қалтадан отбасы мүшелерінің суреттерін алады. Кімге қай отбасы мүшесінің суреті түссе, сол отбасы мүшелеріне арналған жаттауларын немесе әңгіме құрастырып айтып береді.

-Отбасының ошағы үй болғандықтан, үйдің ішіндегі сұрақтарға жауап берейік.

Логикалық сұрақтар:

1.Әкеңнің әкесі саған кім?

2.Сен атаңа кімсің?

3.Анаңның анасы саған кім болады?

4.Сеннен үлкен ер бала саған кім?

5.Өзіңнен кіші ұл ше?

6.Сеннен үлкен қыз бала?

7.Сенің отбасыңда неше адам тұрады?

«Сөйлем құрау» Ата, әже, ана, аға, іні, әпке, сіңілі, қарындас- сөздерін қатыстырып сөйлем құрау

Үстел үстіндегі күлтешелерді алып, не жазылғанын оқу және сол сөзге сөйлем құрып, тақтаға іледі.

Ойын **«Суретті жасыр»**

Теледидар, үстел, үй, әже.

«Мен жаттығуы» Оқушылар және ата-аналар тақтада берілген үлгі бойынша өзі туралы өз ойын дауыстап айтады. Бұл көбінесе, жаңа қалыптасқан ұжым үшін жақсы жаттығу болмақ.

Менің атым.....

Мен.....(оқушымын).....

Менің жасым.....

Менің әкем.....

Менің шешем.....

Менің ұлтым.....

Менің түрім.....

Менің бойым.....

Менің көзім.....

Менің отбасым.....

Менің мекен – жайым.....

Оқушыларға мақал-мәтелдер айтқызып, мағынасын ашқызу.

Рефлексиялық кезең:

“Жалғастырып көр” ойыны.

а) Әрбір адамға отбасы керек. Өйткені...

ә) Отбасы дегеніміз ол....

б) Отбасы бізді үйретеді.....

в) Отбасы мүшелері олар.....

г) Отбасы қарым-қатынасы

ғ) Жанұя бар жерде...

д) Менің отбасыма тілегім... Математикада бағалайтындай, бағдаршамға бүгінгі сабағымыз туралы өз ойымызды білдірейік. Қызыл-ұнамады, сары-орташа, жасыл-өте жақсы. Қатысқандарыңызға рахмет

Z00007 26.12.2020

«Жүзден жүйрік» спорттық сайыс

ИЕМБЕРГЕНОВА ЖАНСАЯ АСКАРБЕКОВНА

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің даярлық сыныбының мұғалімі*

Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың дене қимылдарын дамыту, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру, шапшаңдық, ептілікке үйрету, жаны таза ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: доп, секіртпе, арқан, велосипед, шарлар, дротиктер.
Әдіс-тәсілі: эстафета, ойын, флешмоб

Құрметті ата-аналар, оқушылар! Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, парасатты, мәдениетті, дені сау азамат өсіру отбасының, мектептің, жалпы халықтың қасиетті борышы екені баршамызға аян. Мектебіміздің де негізгі мақсаты – болашақта жас ұрпақты халқына қалаулы, ата-ананың мақтанышы, дені сау, сымбатты, шыныққан, адамгершілігі мол азамат етіп өсіріп тәрбиелеу. «Жүзден жүйрік!» сайысымызға қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда
«Денсаулық- терең бақыт» деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлусың жер бетінде
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жетерсін әлі талай бақыттарға.

(Ортаға спортшыларды шақырайын)

Жүргізуші:

Қазылар қарап бағалар,
Ойыншылар сайысын.
Ешкімің жоқ алала,
Жеңімпаз болу-үлкен сын.
Қазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.
(Қазылар алқасының мүшелері таныстырылады)

Жүргізуші:

Ал, құрметті халайық,
Жарысты енді көріңдер.

Әділқазы алқасы,
Әділ баға беріңдер.
Уақыт, уақыт, куәсің сен бәріне,
Нұр төгеді күн шуағы біздерге.
Денсаулықтың әліппесі- бұл сайыс,
Жігерлене бастайықшы, ал қане!

1. Сайысымыздың 1- кезеңі . «Доппен жүгіру».

Шарты: Балалар допты жерге соғып, қабырғаға тигізіп кері жүгіріп қайтады. Эстафетаны келесі ойыншыға береді. Бірінші болып жеткен және жарыс ережесін дұрыс орындаған топ жеңімпаз болып есептелінеді.

2. 2-кезең- «Кім жылдам?».

Шарты: Ойыншы секіртпемен жүгіреді, кедергіден айналып секіріп кері қайтады.

3. 3-кезең. «Бәйге»

Шарты: балалар велосипедпен кедергіден айналып келеді. Ал әкелер болса үлкен доппен кедергінің арасынан допты соғып жүгіреді.

4. 4-кезең. «Мергендер сайысы».

Шарты: Дротикпен шарды жару

5. 5-кезең: «Теңге алу» .

Шарты: Ойыншы атпен секіріп барып , жердегі теңгелерді жинап алып, қабырғаға қол тигізіп, кері қайтқанда теңгелерді орындарына қойып кету. Эстафетаны келесі ойыншыға береді.

6. 6-кезең. «Таяқшамен допты жүргізу».

Шарты: Таяқшамен допты кедергілер арасымен итере жүргізіп, кері қайтқанда да кедергі арасымен допты таяқшамен итеріп қайту. Эстафетаны келесі ойыншыға беру.

7. 7-кезең «Қол күрес»

8. 8-кезең. «Қораздардың соғысы»

Шарты: екі ойыншы шеңбердің ішінде бір аяқпен секіріп тұрып итеріп шығарады.

9. 9-кезең. «Арқан тарту»

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңіпаз болу шарты сол,

Еңбектену жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Бұл сайыста ренжімей,

Тараса бізге жарады.

Ендеше осы денсаулықтың әліппесін әрқашан жадында ұстанатын белсеңді де білгір, денсаулығы мықты, спорт десе ішкен асын жерге қойып, спортты сүйетін отбасылардың жетістіктерін, сайысымыздың шарттары бойынша жеңімпазды анықтау үшін қазылар алқасына ұақыт берейік.

Барлық қатысушыларды ортаға флешмобқа шақырамыз. (Флешмоб билейді)

Жүргізуші: Әділқазылар алқасына сөз берейік (Марапаттау)

Жүргізуші: «Жүзден жүйрік!» сайысы осымен аяқталды.

Белсенділік танытып тамашалағандарыңыз үшін көптен-көп рахмет!

Y00070 26.12.2020

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту

АБЛЕШЕВА САНДУГАШ КАЙРОЛЛАЕВНА

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Ж.Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден –бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына қосылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай –ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыдары меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшелетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

«Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз-оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар –дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік».

« Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзіреттілігі арқылы айқындалса, сол құзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясы зерттеген С.Л.Рубиштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - деген, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаналық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады. Мектеп мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы тиіс, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу ерекше қиын іс. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылығын арттыру ұстаздың парызы. Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет.

Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. Шығармашылық арқылы оқушының жолдасына, өмірге, білімге деген сенімі, көзқарасы өзгереді. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізінде қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады.

Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болсада ашық, еркін айтады. Олар мұғалімнің жетегіне тез ілескіш, үлкендердің ой-пікіріне қатты сүйенеді.

Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіруі керек. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Оқушының білім сапасын көтеру негізгі мақсат. Біз соңғы нәтиже сипатын, мектеп түлегінің білімділігі үлгісі арқылы құрдық.

Біздің оқушыға қойған талабымыз:

- Қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;
- Ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- Алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;
- Өзін-өзі талдауды, өзін –өзі бағалай білуді меңгеру;
- Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды почта);

➤ Қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөлінді анықтай білу;
Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

Сабақты түрлендіріп өткізу;

Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

О.Бальзактың «Ұдай еңбек ету өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді талап етеді. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі қазақ тілі пәні мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі –ұлы еңбек. «Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады», - дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Шығармашылық –бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену.Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Шығармашылық жұмыста, әсіресе, бала қиялының орны ерекше.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың

түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б.

2-сыныпта әдебиеттік оқу сабағында баланың шығармашылық қабілетін дамытуда пайдаланған жұмыс түрлері.Өлең құрастыру.

Бұл жұмысты екі тәсіл арқылы ұйымдастыруға болады.

Дайын өлең жолдарын ұсынып, оқушыларға соны аяқтауды тапсыруға болады. Мысалы, Ө. Тұрманжанов «Туған өлкем» өлеңінде қайталанып тұрған:

«Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы – менің туған өлкем» деген жолдар бар.

Оқушыларға осы дайын өлең жолдары ұсынылып, оны ары қарай жалғастыру тапсырылады. Тапсырма дұрыс орындалу үшін, ең алдымен, оқушылар құрастыруға тиісті. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда өлеңнің сызбасы түсіріледі:

«Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы – менің туған өлкем»-ұсынылған жолдар.

« Ұлан –байтақ жерлері бар.Өз өлкемді мақтан етем», -оқушының аяқтауы, яғни бұл –жоспар, өлең ұйқасқа құрылады және бұл сызба бойынша өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасуға тиіс.

Ұстаз еңбегі оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Оқушыны бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен –күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық. Заман талабына сай білім бере отырып, оқушы бойында танымдық қабілетін дамыту бүгінгі таңда ұстаз үшін үлкен жауапкершілік іс болып табылады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын ынтасын, дамыта түседі. Мұғалім өз сабағын шығармашылықпен өткізе алса, өзінің білімін сарқып жұмсаса, үнемі ізденіс үстінде болса, шәкірттерді анасындай аймалап жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы бағбанның жақсы ағаштан жиған сапалы жемісі іспеттес. Бүгінгі күннің мұғалімі –шығармашылық адамы. Ол қанша ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалім күш қуатын көңіл әрдайым жоғары көтере білсе, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.

Әдебиеттер

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 3 деңгей.
2. Портал материалдары
3. Мұғалімдерге арналған үлестірме материалдары.
4. Бастауыш сыныпта оқыту журналы

Y00071 26.12.2020

Дастархан – таусылмас азық, жұтамас байлық

ҚАДЫР НАЗЫМ САЙДЫҒАЛИҚЫЗЫ

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: Оқушыларды дастархан басында сақталатын рәсімдермен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Оқушылардың мәнерлеп оқыту дағдыларын қалыптастыру.

Халық қуанышты да, қайғыны да дастархан басында бөліскен. Өсиет айту, бата беру, достасу бәрі де дастархан басында «Құттыхананың берекесі» деп қасиет тұтады. Дастарханнан дәм татқандар татуласу, келісу сияқты рәсімдерді орындайды. «Таспен атқанды аспен ат» деп халық бекер айтпаған. Себебі, дастархан дәмі киелі. Оны татып, келісімін бұзса астың киесі ұрады дейді. Сонымен бірге дастархан күнделікті отбасының тамақтануына, үйге келген адамға дәм таттыруға, той-тамашаға, ас-су беруге жайылады. Күнделікті отбасының тамақтануына жайылған дастарханда басында асты ең алдымен ата-анаға, үлкенге ұсынады.



- Ән: «Қазақы дастарханым» Қазіргі тойларда дастархан жаю-мәдениетті дәстүр. Онда астың барлық түрлері болады.

- Дастархан туралы ребус шешу.

- Дастархан басында сақталатын ырым-тыйымдар.

Ас жүрген жер – береке.

Дастарханға бірінші нанды әкеп қояды.

Нанды бір қолмен үзіп жеуге болмайды.

Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды.

Тамақты жатып ішуге болмайды.

Дастарханнан аттауға болмайды.

- Қима қағаздардан дастархан жайлы мақал құрастыру.

Би: «Аққу»

- Ас туралы мақал-мәтелдер айту.

Бауыр –шырын, бас тәтті,

Ағайынмен ішкен ас тәтті.

Ашыққанға қазан астырма, тоңғанға от жақтырма.

Тар қазан – тас қалақ

Мешкей адам ашқарақ.

Аз қайғынды ас басады, көп қайғынды дос басады.

Қарның ашса, қазан ас,

Ет болмаса, сазан ас.

Сазан тамақ емес пе,

Сазанды жұрт жемес пе?

Көженің кенеуі бар, қымыздың қызуы бар.

• Тағамдар туралы жұмбақтар жасыру.

Қазақтың ұлттық тағамдары адамға өте пайдалы. Ұлттық тағамдарға: бауырсақ, қазы-қарта, жал-жая, шұбат, құрт тағы басқалар жатады.

Міне, оқушылар тағам туралы жұмбақтар шешіп, дастархан жайлы мағлұматтар алдық.

Y00072 26.12.2020

Отбасы - өмір аясы

САДЫКОВА ПЕРИЗАТ НАСЫРОВНА

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Мақсаты: ата-аналар мен сынып жетекшісінің және оқушылардың арасында тығыз байланыс қалыптастыру: оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін дамыту: ата-ана мен баланың өзара сыйласымдылығын арттыру, баланы ата-анасын қадірлей білуге, құрметтеуге дағдыландыру

Көрнекілігі: бейне материалдар, нақыл сөздер жазылған плакаттар, сұрақтар жазылған қағаздар, ата-аналар мен оқушылардың тақырыпқа сай шығарылған үнқағазы

Барысы.

Мұғалім: Армысыздар құрметті ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар! Бүгін сіздермен бірлесе отырып «Отбасы-өмір аясы» атты тәрбие сағатын өткізбекшіміз.

Ата-ана баласының қашанда жақсы адам, білімді маман шығу үшін ата-аналарың барлық өмірін, балалар, сендерге арнайды. Олай болса әр бала ата-ананың еңбегін бағалай білуі тиіс. Сендер деп түн ұйқысын төрт бөлген аналарың, жанын салып аянбай табанынан таусылап еңбек етіп жүрген әкелеріңді құрметтеу әр баланың өмірлік ұстанымы болу керек. Мына отырған бой жетіп келе жатқан қыздар мен ер жеткен ұлдар келешек ата-аналарыңның орнын басатын тәуелсіз елдің азаматтарысыңдар!

Олай болса ел болашағы, жастар, сендердің әрбір табысың, жақсылығың, білімді, санала болуың ата-ана үшін биік міртебе, үлкен қуаныш. Осыны әрдайым естен шығармағандарыңыз абзал.

1-жүргізуші: Осынау іс-шараға

Келіпсіздер жиылып.

Сәлем бердік сіздерге

Бізде міне иіліп!

Ұлың өсіп келеді

Ата-ананың үміті

Тәрбиелеп келесіз

Ел қорғайтын жігітті.

2-жүргізуші. Қыз бой жетіп келеді

Шуақ шашып әр үйге

Гүлдей жайнап өссінші

Сыйлы болып бәріне

(Хор)

1-жүргізуші:

Ата-ананың жүрегі

Бала деп қана соғады

Баласы жақсы адамның

Басына бақыт қонады-демекші құрметті ата-аналар сіздерге

Бала тәрбиелеуде ата-аналардың білімін жетілдіріп отырудың қандай жолдарын ұсына аласыз?

«Ата-аналар әрбір ісімен балаларына үлгі болуы керек» дегенді қалай түсінесіз?

Бала тәрбиелеудегі озық іс-тәжірибеңізді ортаға салып, келешек ата-ана болатын балаларыңызға қандай ақыл кеңес айта аласыз?

(Ата-аналар осы тақырыптарда өз ойларын айтып тартымды пікірлер, өмір талабына сай терең ой қозғады және барлық ата-аналар осы тақырыптарда пікірлер білдірді.)

1-жүргізуші: Ендігі кезекті і оқушылар мен ата-аналар дайындаған «Кемшілік кімнен?» атты көріністі тамашалаймыз.

Қатысатындар: анасы, қызы, баласы

Автор сөзі: Берікің әкесі бір кәсіпкердің малын бағатын, ал анасы екі

баласының тәрбиесімен үй шаруасында болатын. Бір күні анасы қатты ауырып

Берік пен Айнұрдың тамағын дайындай алмай төсек тартып жатып қалды. Берік

: Мама қарным ашты тамақ неге дайын емес? Неге жатырсың? Тамақ қайда тамақ?

Анасы : (әрең сөйлеп) Ой балам-ай тамақ пісіруге әлім келмей қалды. Шай іше салсаңшы отта тұр ғой. Ойпырмай жаным-ай, күндерің не болады екен?!

Берік: (ашуланып) шай ғана ма? Шайыңды ішпеймін «сабаққа бар, сабаққа бар» деп таң атпай қақсайсың. Тамақ ішем дедім ғой мен саған .

Анасы: (әрең қозғалып) Қайтейін, ауырсам да тұрайын, кішкене шыдай тұр . Қазір дайындаймын тамағыңды. Айнұрым да келіп қалар.

(Сол кезде Айнұр кіреді)

Айнұр:(үрейлі дауыспен) :Мама ,маматай не болды сізге?Ауырып қалдыңыз ба?Қазір кимімді ауыстырып келейіну.Жата беріңіз.Тамақты мен

әзірлеймін.Тұрмаңыз мама, дәріңізді ішіп ,демалып ұйықтап алыңызшы

Берік:Ой болыңдаршы созылмай,қайсың дайындасаңдар да тез тамақ әкеліңдер!

Анасы :(өзімен өзі сөйлесіп);Әкесі болса осыларды жеткізем деп мал соңында қаңғып жүр.Қызм болмса ұлдың жаны ашитын түрі жоқ.Күнен күнге мінезі де өзгеріп барады.Тыңдамайтын да болды.Неге бұлай болды екен?Кімнен кеткен кемшілік бұл?

1-жүргізуші: Пікірсайыс кезегін берейік ата-анаға

Кімнің ойы дұрысын

Зерделесін бала да

Кімнің сөзі келісті

Аналар пікір бөліссін

Тақырып болсын тәрбие

Ой қозғалсын жемісті

Келесі кезек бойынша ата-аналардың ой-пікіріне береміз(өз ойларын ортаға салып, қорытынды жасайды)

2-жүргізуші Баланың ойы ұшқырақ

Тұрады олар жалындап

Көрініс жайлы ой қозғап

Талассың пікір арындап

Ата-анаға көмекші

Бала ойын тыңдайық

Ерік беріп оларға,

Өмірге мынау шыңдайық.Келесі кезекті оқушылар пікіріне береміз.

1-жүргізуші ендігі кезекті ата-аналар шығармашылығына береміз.Ата-аналар балаларына деген ыстық ықыластарың өнермен,өлеңмен жеткізеді.(Ата-аналар арнауын айтады)

2-жүргізуші Ұстазым –екінші анам аялаған

Біздерден бар білгенің аямаған

Оқысың ,білім алсың ,үйренсің деп

Таңертең күнде құшақ жаяды арман

Деп бізді тәрбиелеп жүрген ұстазымдың орындауындағы «Жастар биі» күйін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:Жақсы болу бізге міндет түсінем

Үлгі аламыз ата-аналардың ісінен

Алғысымыз арналады сіздерге

Балаларын әлпештеп-ақ өсірген

«Балалардың аналарға арнауы»

2-жүргізуші :Сіздер барда бақыттымыз әрдайым

Өміріңді, тағдырыңды жалғайық
Ұстаздардан білім алып сіздерден
Қияларға қанат қағып самғайық
Ән «Мама»

1-жүргізуші: Бала тәрбиелеуде ата-аналардың білімін жетілдіріп отырудың қандай жолдарын ұсына аласыз?

«Ата-аналар әрбір ісімен балаларына үлгі болуы керек» дегенді қалай түсінесіз?

Бала тәрбиелеудегі озық іс-тәжірибеңізді ортаға салып, келешек ата-ана болатын балаларыңызға қандай ақыл кеңес айта аласыз?

(Ата-аналар осы тақырыптарда өз ойларын айтып тартымды пікірлер, өмір талабына сай терең ой қозғады және барлық ата-аналар осы тақырыптарда пікірлер білдірді.)

»

ҮІ. «Тілек шамы».

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

-Құрметті ата-аналар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

Отбасы дегеніміз-өте жақын адамдар. Отбасында бәрі бірін-бірі жақсы көреді және қамқор болады.

Ата-ананы тыңдайық,

Айтқанынан шықпайық,

Ал балаларды қолдайық,

Қиын шақта қорғайық.

Тәрбие сағатына қатысқан ата-аналарға алғыс айтамыз. Еңбектеріңіз жанып, балаларыңыз биіктен көрінсін!

Оқушылар, сендер айтылған әрбір ақыл-кеңестерден өмірге қажетті тұжырымдарды ойға тоқып, еліміздің білімді де білікті маманы болыңдар.

Бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Ендеше, ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Y00073 26.12.2020

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

БАЙЖАНОВА АЙЫМЖАН САЙДЫҒАЛИЕВНА

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің биология пәні мұғалімі*

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті – мультимедиялық кабинет жабдықтарын

пайдалану.Әдісі: пікірлесу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, салыстыру

Формасы: Дебат сабақ

Дөңгелек үстел өтілетін орын: мектептің мәжіліс залы

Безендірілуі: Шарлар, гүлдер, тақырыпқа орай жасалған көрме, ұлағатты сөздер жазылған қағаздар

Барысы:

1-жүргізуші:

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын.

2-жүргізуші:

Қыз бала – бойжеткен, келін, ана,

Бәрі де дер кезінде дара тұлға.

Ұрпағыңның ойласаң болашағын,

Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла!

Армысыздар құрметті ұстаздар, оқушылар. Бүгін мектебімізде осынау нәзік жандар, әсем арулар тақырыбына арналған «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

Келе жатқан халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын! Сөз басын елбасымыздың Нұрсұлтан Әбішұлының «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын ерекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ » , – деген сөзден бастасақ.

1-жүргізуші:

Я, дұрыс айтасыз. Халқымыз «қыз – қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз

бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қанша ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек ата-анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отыр.

2-жүргізуші:

«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.

Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды.

Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.

Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!

Келесі видео фильмге назар аударыңыз

2-жүргізуші:

Қазақ қыздарын бала күнінен еркелетіп, бетін қақпай өсірген. Бұл қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгендігін аңғартады. Сондықтан да, тәрбиелі, инабатты, намысты, ибалы арулар қазақ отбасында тәрбиеленіп шығады. Жастықтың өзі – сұлулықтың, нәзіктіктің белгісі. Қыз балалардың көрікті болып өсуіне ертеде аналары ерекше көңіл бөлген. «Аттың көркі – жалы, арудың көркі – шашы» деп ұққан аналар қыздың шашын дұрыстап күтіп-өсіруді өнер санаған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркі болған.

Халық жырларында аруларды «Шашының ұзындығы ізін басты» немесе «Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» деп сипаттаған.

Халық арасында бойжеткен қызды ажарына қарай жетіге бөлген:

Әдемі қыз - баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын;
Көрікті қыз - істі үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, бірден көзге түсе қоймайтын;
Шырайлы қыз - көз жанары өткір, бет-әлпеті балбұл жанған, тәні шымыр;

Сұлу қыз - сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін, келбетті;

Ару қыз - бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы; Ажарлы қыз - дене бітімі жинақы, тығыршықтай, сөзі салмақты, ісі тиянақты;

Әсем қыз - жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік.

Сыныбымыздың ақыны Гүлнарзан өзінің «Қазақ қыздары» атты арнауын дайындап кепті

1-жүргізуші

Бойжеткен қыздардың киім киісіне де ерекше көңіл бөлген. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ», «Қыз өссе – елдің көркі», – деп таныған

халқымыз қыз балаларға қынама камзол, дүрия бешпет, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға, білезік, шашбау, шолпы сияқты әшекей заттарды тақтырған. «Қыздың көзі – қызылда» деген мақал да қыз баланың әшекей заттарға үйірлігін білдіреді. Халқымыз қыздың көркіне ақыл-ойы, мінезі сай болуын қалаған. «Қыз – қылығымен сүйкімді», «Қызым үйде, қылығы түзде» деп, қыз тәрбиесінің ерекшелігіне аса жоғары мән берген.

2-жүргізуші: «Қазақ қызы!» Қандай қастерлі сөз! Ежелден ер азаматпен қатар түзде жауға қарсы найза ұстаған, үйде ошақтың берекесі, алыптардың анасы атанған Қазақтың қызы. Он мың әскерімен парсының патшасына қарсы тұрған Тұмар, даналығымен белгілі Айша бибі, Жиреншеге серік болған Қарашаш, жары дүние салғанда ошағын сөндірмей тағын ұстап, хандық құрған Айғаным ханым, жер мен су жарлығы берілсін деп ұрандаған Шолпан, Алма, фашистке қарсы қан майданда ерліктің қайталанбас үлгісін көрсеткен Әлия мен Мәншүк, еңбек майданында алға озған Кәмшат, Желтоқсанда ұлтым деп ұрандаған Ләззат, егемендіктің туын көтерген сәтте барша жұрттың анасындай болып жүрген Сара апайымыз тізімін бастаған қазақ қыздары қашанда өз қадірімен ерекшеленді. Тарихтан ойып тұрып орын алды.

Ендеше кезекті әнге берейік «Қазақ қыздары» орындайтын

Шарапиден Ансар

2-жүргізуші: Ендәнді сөз кезекті мектебіміздің психологі Динара Бекжігіт қызына береміз

2-жүргізуші:

Дана халқымыз: «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» демекші, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдеп-тілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырған. Әрбір ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды. Дініміз Исламда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды (жақсы жерге) тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Аллаһ тағала ол кісіні жәннатына кіргізеді». Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз өзі барған әрбір үйде мынадай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған. Олар:

1. Жарыса сөйлеуге
2. Жалғыз қыдыруға
3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге
4. Орынсыз ұрынуға
5. Басқаларға қол тигізуге

6. Өтірік, өсекке
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге
9. Талтайып отыруға
10. Шалқайып жатуға
11. Тамақты обырлана асауға
12. Ұрлық қарлыққа
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге
14. Бұраңдап қылмысуға
15. Қызыл іңірде жатуға
16. Түске дейін ұйықтауға
17. Кісі алдында киім ауыстыруға
18. Салт-дәстүрден аттауға
19. Елді ғайбаттауға
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға
21. Ішімдік пен шегімдікке
22. Ұрыс-керіске
23. Беттен алып, бет жыртысуға
24. Қараулыққа, ысырапқа
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке
26. Түнде суға жалғыз баруға
27. Жат жыныстылармен арласып жатуға
28. Күйеуге қашып тиюге
29. Әдепсіз сөзге
30. Тарс-тұрс етуге
31. Адам мен жануарларды тебуге
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге
33. Тәкәппарлық пен сыйқымазақ жасауға
34. Айғай сүреңге
35. Шектен тыс сыланып жасануға
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке
37. Менмендік пен өзімшілдікке
38. Алдап-арбауға
39. Көрсеқызарлыққа
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым

Бұл тыйым сөздердің мағынасын түсініп есте сақтау қажет. Түсінбеген, өз басына кездескен кейбір жағдайларды ашық айтып пікірлесу де адамдықтың белгісі. Ұстаз-ақылшың, оқытушың, шын досың. Әр уақытта пікірлесіп ішкі жан дүниенді ашуда ата-анңмен бірдей адам. Ата-ана мен ұстаздың арсына қаяу түсірме. Сыйла, айтқанын тыңда. Олар сендерді қорғайды, қолдайды. Келесі кезекте тағыда видео роликке кезек берсек ,

Қыздарымызға сұрақ: ата бабамыздың тәрбиесі мен қазіргі тәрбиенің айырмашылығы бар ма? Бар болса неде? (10-сынып оқушыларының дайындаған интервью)

1-жүргізуші:

Қыз ананың көркі де, жаны да,

Қыз бақтың жапырағы, талы да.

Қыз көңілдің бүршігі ғой гүл атқан,

Қыз елдің жүрегі де бағы да.

1-жүргізуші: «Ел болам десең – бесігіңді түзе » деген, ел сенімін ақтап, болашақ ана болар, тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар білімді, тәрбиелі, инабатты, сыпайы, әдепті қыз бала тәрбиелеу ұлы парызымыз деп білейік. Деп қыздарға Қазақ қыздары атты

Қазақ қыздарының кемшіліктері

Өзіміз ұсынатын тәрбиелік маңызы бар ұсыныстар

Қазақ қыздарының ерекшеліктері

Қазақ қызы бойындағы кемшіліктер мен өзіндік ерекшеліктері және қиылысу аймағына жақын арада өзіндік тәрбиелеу арқылы түзетуге тиіс деген ұсыныстарын жазады.

Қыздар мен сендерге жадынама таратқым кеп отыр.

1-жүргізуші:

«Қыз- ұлттың жаны» демекші, ата-аналардың аяулысы, құрбы-

құрдастарыңыздың қадірлісі мен қымбаттысы, даламыздың гүлі, өміріміздің

сәні бола беріңіздер! Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Ақылды болыңдар! Сұлу да сымбатты болыңдар! Саналы болыңдар! Қыздар ұйқышыл болмаңдар,

ұмытшақ, ұрысқақ болмаңдар!

Инабатты, ілтипатты, ұйымшыл болыңдар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы – сендерсіңдер!

Y00074 26.12.2020

Тазалық – денсаулық кепілі

ГАЛИЖАПАРОВА ГУЛЬМИРА КЫЗЫРОВНА

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ж. Аймауытов атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Мақсаты:

Оқушылардың салауатты өмір сүру салтын уағыздау, оның басты қағидалары мен ережелерін түсіндіру. Сабын қайнату, алабота өсімдігінің пайдасын түсіндіру.

Оқушылардың денсаулығын сақтау, қорғау, жетілдіру, дамыту тәрізді дағдыларын қалыптастыру.

Балаларды тазалыққа үйрету. Қоршаған ортаны таза ұстап, аялауға тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Таза ауа жұт көбірек

Еңбекпен көп шынығып.

Керек болса денсаулық,

Жүргейсің күнде жуынып.

Абай атамыз айтқан:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек бекер мал шашпақ.

Денсаулықтың қастарының бірі-еріншектік. Бетін суық суға тигізгеннен қорқып, денесін шынықтырмай, есік алдына шығып, ойнамай, еңбек етпей жүрген балаларды айтамыз.

Денсаулықтың қастарының бірі-әке-шешенің, мұғалімнің, үлкен адамдардың айтқандарын тындамау. Ол кісілер оқы, үйрен дейді. Ал оқып үйренсең, ойдың сергектігі, денсаулықты тазалыққа жетелейді.

Еріншектен – салақтық,

Салақтықтан – надандық.

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сөйтіп адамдық.

Еріншек таза жүре алмас,

Кір қолын да жуа алмас,

Қарекет жоқ, білім жоқ.

Өз бойымнан ұялмас.

«Тазалық – денсаулық кепілі!». Слайд көрсету. Не түсінгендерін сұрау.

Кәусар: Дос бол сабын, сумен сен
Жиі – жиі жуын сен:
Таңертең де, кешке де,
Жуын күндіз- түсте де.
Су- тіршілік негізі,
Онсыз өмір сүрмейсің.
Гигиена егізі,
Су деп және білгейсің.

Нұртас:

Хош иісті сабынның,
Көбігіне малынып.
Тазалықты сақтаймыз,
Қолымызды жуамыз.

Мұғалім: Ойын «Жақсы - жаман»

- Балалар, мен тақпақтар оқимын. Егер жақсы бала туралы болса, қолдарыңды шапалақтайсыңдар. Егер жаман бала болса көздеріңді жұмасыңдар.
- Шашымды тарадым,
Айнаға қарадым.
Ерте тұрдым ұйқымнан,
Мен мектепке барамын.
- Анау бала, бетін қара,
Жуынбапты масқара!
Тырнағы өскен, шашы көптен
Алынбапты, масқара!
- Мен кішкентай баламын,
Айтқан тілді аламын.
Көмектесем анама,
Үйді жинап қоямын.
- Тұрысбектің түрін- ай,
Көйлегінің кірін – ай.
Жейдесі мен шалбары,
Бірі балшық, бірі лай.

Мұғалім: «Тазалық – денсаулық.» Постер қорғау.

Ақниет:

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық.
Бірінен бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық.

Мұғалім: Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі, яғни дұрыс тамақтанған адамның денсаулығы жақсы болады. «Ас адамның - арқауы» деп халық

бекер айтпаған. Дұрыс тамақтанбаған адамның көңіл-күйі, оқуға ынтасы төмендейді.

Дұрыс тамақтанудың екі түрлі шарты бар. Ол уақытында тамақтану және тамақты түрлендіріп жеу қажет дейді.

Мұғалім: Балалар, медбике апай бір себеппен бізге келе алмады. Ол кісі сіздерге жұмбақтар жасырмақшы болған. Сол жұмбақтарын маған жолдапты өзіңіз балаларға жасырыңыз деп.

Ал, жұмбақтың шешуін шешуге дайынбыз ба?

• Қарап тұрсаң өзіңе ол суретіне ұқсайды,
Сурет түсер көзіңе. Дәл қазіргі өзіңе. (Айна)

• Одан кір қорқады,
Судан бұл қорқады. (Сабын)

• Дәміде жоқ, түсінде жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ. (Су)

• Қалтамда жатыр,
Тістері бар батыр. (Тарақ)

• Бәтенкесін, пальтосын
Өзі кие білмейді

Бұл баланы кім дейд? (Жалқау)

Мұғалім: Көрініс: «Кір қожалақ»

Мұғалім: «Жағдаяттарды шешу»

1. Самат таңертең сабаққа асығыс тамақтанып шықты. Анасы баласының бұл ісіне кейіп: «Денсаулығыңды бұзасың ғой, отырып асықпай дұрыс тамақтансан қайтер еді?» деді.

Самат анасына: «Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа әсері қанша?» деді.

• Қалай ойлайсыңдар, Саматтың айтқаны дұрыс па?

Жауабы: Саматтың айтқаны дұрыс емес. Деніміздің сау болуы үшін еі алдымен тиімді тамақтану қажет.

2. Арман мен Жандос кеше сабақтан кейін «денсаулық» жайлы ой бөлісті.

Арман анасынан естіген әңгімесі бойында «Денсаулықты сатып алуға болады» деді ал Жандос бұл ойға келіспеді. Ол «денсаулықты ақшаға сатып ала алмаймыз» деді.

• Сендер не деп айтқан болар едіңдер?

Хормен: Жадыраған Күндейміз, Күндейміз!

Жайнап өскен Гүлдейміз, Гүлдейміз!

Тұнық таза Ауамыз, Ауамыз!

Жадыраған сумыз біз, Тазамыз!

Қорытынды: Бүгінгі тәрбие сабағына өте керемет қатыстыңдар. Үлкен рахмет. «Бала тілегі» әнімен сабағымызды аяқтаймыз.



Y00075 26.12.2020

Қызыл телпекке көмек

ТӨЛЕУТАЙ АЖАР ҚАНАТҚЫЗЫ

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Баянауыл
МҚКК Баянауыл Бөбектер бақшасында тәрбиеші

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта, Таным, Денсаулық

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті: Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Дене тәрбиесі.

Білімділік міндеті: «Қызыл телпек» ертегісін естеріне түсіру, қыс мезгілінің ерекшеліктерін бекіту, денсаулықты қалай сақтау керектігі жайлы білімдерін кеңейту.

Дамытушылық міндеті: ойын әрекеттері арқылы ойлау, сөйлеу мәдениеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту,

Тәрбиелік міндеті: Балаларды өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға, ертегі кейіпкерлеріне деген жанашырлық сезімдерін ояту.

Керекті құралдар: интерактивті тақта, жемістердің суреттері, жапырақтар

Тілдің үштұғырлығы: сәлеметсіз бе – здравствуйте - hello, сау болыңыз-досвидание- good bye, жемістер- фрукты -fruits, апельсин- апельсин- orange, лимон – лимон - lemon, алма- яблоко – an apple, жүзім- виноград - grape, банан-банан- banana

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар топқа кіреді Табиғат – біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз! Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Қане, балалар, бір - бірімізге мейірім сыйлайықшы, ол үшін бір - бірімізге қарап күлеміз,. Балалар орындарымызға отырайық, -Балалар бізге бүгін электронды хат келіпті. Оның	Балалар келген қонақтармен Өлең жолдарын айтып 3 тілде сәлемдеседі Балалар шаттық шеңберге тұрып, бір-біріне жылу сыйлайды. Балалардың назары интерактивті тақтаға ауады. Балалар жұмбақтың

	<p>кімнен келгенін білу үшін мына жұмбақты шешейік. Ол өте сүйкімді қыз Апасын ол өте жақсы көреді Бір күні апасы оған қызыл бас киім әперді Ол қандай қыз? -Дұрыс балалар ол қызыл телпек Қызыл телпектің хабарламасын тыңдайық -Балалар менің апам ауырып қалып ,мен оған бәліш пысырып апара жатыр едім сұм қасқыр жолығып бәліш толы себетімді тартып алды. Маған оны қайтару үшін көптеген тапсырмалар берді, мен оны орындай алмай қиналып отырмын ,көмектесіңдерші балалар!</p>	<p>жауабын табуға тырысады. -қызыл телпек Балалар қызыл телпектің хабарламасын тыңдайды Балалар қызыл телпектің әңгімесін тыңдап, оған көмектесуге келіседі</p>
<p>Ұйымдастыру-іздігіру</p>	<p>Балалар біз қасқырдың тапсырмасын орманға бармай ақ осы жерде отырып орындауымызға мүмкіндік бар, біз оны электронды түрде жіберіп отырамыз -Ал енді қасқырдың тапсырмаларын көрейік . Тақтадан қыс мезгілінің суреті шығады 1 тапсырма -балалар қасқыр қыс мезгілі жайлы әңгімелеуіміз керек сияқты. Бұл тапсырманы дұрыс орындасақ күліп тұрған күннің суреті шығады екен -Қазір жылдың қай мезгілі?</p>	<p>Балалар таңдана қарайды. Балалар келіседі. Тақтадан қасқырдың тапсырмаларын көреді -қыс -үш -желтоқсан, қаңтар, ақпан -ақпан</p>

	<p>-Қыс мезгілінде неше ай бар? Атайықшы. -қазір қай ай? -Балалар қыстың қандай ерекшеліктерін білеміз? Оларды толық сөйлеммен атайық? Дидактикалық ойын «Керісінше» Қимылды ойын «Жұбыңды тап» -Қане ,балалар біз тапсырманы дұрыс орындадық па тексерейік? Ауырып тұрған баланың суреті шығады. -Денсаулық деген не? -денсаулық мықты болу үшін не істеу керек? 2 тапсырма Пайдалы тағамдардың суреттері шығады Жемістердің аттарын ағылшынша айту Дидактикалық ойын «кім зейінді» 3тапсырма Жуынып жатқан баланың суреті шығады. -таза жүру деген не? Сергіту сәті: «стирка» Дидактикалық ойын « дұрыс-бұрыс»</p> <p>4 тапсырма Спортпен шұғылданып жатқан бала суреті -спортпен шұғылдану деген не? Саусақ жаттығуы «саусақ жаттығуы»</p>	<p>Балалар қыс ерекшеліктерін толық сөйлеммен айтады Балалар қарларды көлемі бойынша жұптасады Күліп тұрған күннің суреті шығады -ауырмай жүру -пайдалы тағамдар жеу керек -ет, балық, сүт тағамдары, жемістер, көкөністер Балалар жемістерді ,түстерін қазақша, орысша, ағылшынша атайды -тісімізді жуу, жуынып жүру, киімді таза ұстау Балалар бой жазады</p> <p>-Таңғы жаттығу, спорт, ойын т.б</p> <p>Балалар орындарында отырып, 2 түрлі себетке пайдалы, пайдасыз тағамдардың суреттерін себетке сызықтар арқылы қосады.</p> <p>Балалар қызыл телпек үшін қуанады</p>
--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>Дидактикалық ойын «тағамдарды топтастыр» Тәрбиеші балалардан тапсырманы орнында отырып орындауларын сұрайды Қасқырдың тапсырмалары бітеді Қызыл телпек балаларға рахмет айтады Ол қасқырдан өзінің себетін қайтарып алады. Қызыл телпек апасымен қауышады.</p>	
<p>Рефлексивті - түзетуші</p>	<p>Бізге балалар кімнен хабарлама келді? -оған не болыпты? -бізден қандай көмек сұрады? -сендер көмек көрсете алдыңдар ма? -қалай көмектестік? -оқу іс-әрекетінде кімге не ұнады? Тәрбиеші балаларды мадақтайды.</p>	<p>- қызыл телпектен -қасқыр себетін тартып алыпты -себетті қайтаруға -көмектесе алдық -тапсырмаларды орындадық Балалардың жауабы Мадақтауға ие болады.</p>

Күтілетін нәтиже:

біледі: қызыл телпек ертегісінің желісін

Білуі тиіс: қыс мезгілі жайлы білімдерін бекіту, денсаулықтарын сақтай білу

Істей білуі керек: сұрақтарға дұрыс толық жауаптар беру

Y00032

24.12. 2020ж

Тақырыбы: «Ғажайып математика»

НАРЕНОВА ГАЗИЗА ОРДАБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
№ 8 «Ақбөбек» бөбекжай бақшасы тәрбиеші

Мақсаты: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білу. Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білді.

.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету, таныстыру, сұрақ жауап

Белингвальды сыңары: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-квадрат, шеңбер-круг

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	<p>Жылулық шеңбер Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық</p>	
ҰОҚ негізгі бөлімі	<p>Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады. Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші. Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер</p>	<p>Слайд Слайд</p>

алдымен орманға бармас бұрын картадан жолды көріп алыңдар

Аю: Таулардың аржағында

Орманың аржағында

Сандықша бар

Іші тола ғажайыпқа

Сол сандықшада маша досым тығылып отыр соны маған әкеп беріңдер.

Аю: орманға бару үшін жол өте алыс орманға паровозбен бару керек.

Балаларды паровозға отырғызу үшін қалталы тақтайшадан әр түрлі пішіндерді алғызып сол пішіндер арқылы паровозға отырғызады.

Балаларға орманға келгендерін айтып онда көптеген тапсырмалар орындайтындарын айтады.

Тақтадағы үш құлыпқа назарларын аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы тапсырманы орындайтынын айтады. Сол кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді балаларға түсіндіріп құлыптың кілті екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың ашылғанын айтады.

1-Тапсырма

Топтық жұмыс

Триз әдістемесін қолдана отырып пішіндерге ұқсас суреттерді тауып қыстыру.

Пішіндер туралы тақпақтар сұрау.

Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен таныстырып екінші құлыптың кілті екенін айтып екінші тапсырманың берілгенін айтады.

2-Тапсырма


Жеке жұмыс

Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді санау арқылы сандарды тура тауып құрастыру



Слайд



	<p>Балаларға 1-10ға дейін санату және орысша ағылшын тілде санату арқылы білімдерін толықтыру.</p> <p>Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін айтады.</p> <p>3-Тапсырма</p> <p>Тәрелкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтессори әдістемесі арқылы қол маторикасын дамыту.</p> <p>Ғажайып сәт:</p> <p>Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады</p> <p>Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату.</p> <p>Ойын «Өз орныңды тап»</p> <p>Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндеріңді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық.</p> <p>Пішіндер арқылы паровозға отырады.</p> <p>Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді</p>	
<p>ҰОҚ қорытындылау</p>	<p>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау</p> <p>Қане балалар біз кімге көмектестік?</p> <p>Машаны қайдан таптық?</p> <p>Біз қандай тапсырмаларды орындадық?</p> <p>Жарайсындар балалар! мақтап мадақтау</p>	

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

АСКЕРБЕКОВА АҚБОТА БАУЫРЖАН ҚЫЗЫ

Алматы қаласы Алмалы ауданы № 8 балабақша тәрбиешісі

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру-қозғаусезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; «сонша, неше...», «теңбе-тең» терминдерін;

түсінеді: қоршаған ортадағы кейбір заттар геометриялық пішіндерге: шеңбер, шаршы және үшбұрышқа ұқсайтынын; қолданады: тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін заттарды оңнан солға қарай үстіне қою әдісін қолдануды; жапсырмамен жұмыс жасау дағдысын, ұқсас заттарды табу дағдысын.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: шаршы, шеңбер, үшбұрыш макеттері; «геометриялық пішіндер карточкасы»; әуен, құрсаулар – 3; геометриялық пішіндер салынған табақ; үлестірмелі материалдар: жұмыс дәптері, жай қарындаш және жапсырмалар.

Сөздік жұмыс: шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: шеңбер – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Педагог: Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне қонаққа аттанамыз. Келісесіңдер ме? Онда аттанамыз.

2. Негізгі кезең. «Шешуін тап және ата» ойыны.

Педагог жұмбақ жасырады: Дөңгелек дөңгелейді, Доңғалақ доңғалайды. Олар неге ұқсайды? Әрине, бұл ... (Шеңбер)

Сұрақтар қояды:

–Шеңберден басқа қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? **Фланелеграфпен жұмыс істеу.**

Педагог фланелеграфта ілулі тұрған әр геометриялық пішіндерді көрсетіп сұрайды.

–Мынау қандай геометриялық фигура?

Не нәрсе шеңберге ұқсас болады?

Не нәрсе үшбұрышты болады?

Не нәрсе шаршы болады?

Балалардың назарын суреттегі карточкаға аударады

– жоғары жақта қанша шаршы болса, төменгі жағына солдан оңға қарай сонша шаршы орналастыру керек. Соны көрсетеді. (4 шаршы)

«Өзіңнің карточкаңа жапсыр» ойыны.

Жұмыс дәптері, 1-тапсырма. Педагог балаларға жоғарғы жолақта қанша геометриялық пішін болса, төменгі жаққа сонша геометриялық пішін жапсыруға тапсырма береді.

Сұрақтар қояды: Төменгі жағына неше шаршы орналастырдыңдар?

Төменгі жағында неше шаршы болды?

Содан кейін төменгі жағына жоғарғы жағында неше дөңгелек болса, сонша дөңгелек жапсыруды ұсынады. (2 шеңбер).

Төменгі жағына неше шеңбер жапсырасыңдар?

Тағы да жоғарғы жағында неше үшбұрыш болса, төменгі жағына сонша үшбұрыш жапсыруды ұсынады (3 үшбұрыш).

Төменгі жағына неше үшбұрыш жапсырасыңдар?

Олар нешеу болды? Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік жұмыс: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: дөңгелек – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Кілем үстінде әр құрсаудың ішінде бір геометриялық пішіндерден: шеңбер, шаршы, үшбұрыш жатыр. Педагог балаларға табақтан бір геометриялық пішіндерден алуды ұсынады. Әуенді қосады. Кілем үстінде жүруді ұсынады. Әуен тоқтағанда, әрқайсысы өз үйіне жүгіріп кіруі тиіс (құрсау ішіне): қолында шеңбер барлар, шеңбер жатқан құрсауға, 76 қолында үшбұрыш барлар, үшбұрышқа, қолында шаршы барлар, шаршы жатқан құрсауға жүгіреді. Педагог балалардың дұрыс өз үйіне кіргенін тексереді. Содан кейін тағы әуенді қосады, балалар бұл кезде пішіндерді қайта табаққа салып, әуен аяқталғанда өз орындықтарына отыра қалады.

Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»

(2-тапсырма). Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді. **3.Рефлексия.** Педагог қорытынды жасайды. Топ ішіндегі геометриялық пішіндерге (шаршы, шеңбер және үшбұрыш) ұқсайтын заттарды табыңдар. Үш баланы шақырып, біреуіне топ бөлмесінен шеңберге ұқсайтын затты, екіншісіне шаршыға ұқсайтын затты, ал үшіншісіне үшбұрышқа ұқсайтын затты алып келуді өтінеді.

МАЗМҰНЫ

- *КОЖАНБАЕВА БОТА АСКАРОВНА*
- *БАПИШЕВА ЕРСІНГҮЛ ДАУЛЕТБАЕВНА*
- *ИЕМБЕРГЕНОВА ЖАНСАЯ АСКАРБЕКОВНА*
АБЛЕШЕВА САНДУГАШ КАЙРОЛЛАЕВНА
- *ҚАДЫР НАЗЫМ САЙДЫҒАЛИҚЫЗЫ*
- *САДЫКОВА ПЕРИЗАТ НАСЫРОВНА*
- *БАЙЖАНОВА АЙЫМЖАН САЙДЫҒАЛИЕВНА*
- *ГАЛИЖАПАРОВА ГУЛЬМИРА КЫЗЫРОВНА*
- *ТӨЛЕУТАЙ АЖАР ҚАНАТҚЫЗЫ*
- *НАРЕНОВА ГАЗИЗА ОРДАБАЕВНА*
- *АСКЕРБЕКОВА АҚБОТА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ*